

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 410 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 29 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 4005. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 123 қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 123 қаулысымен.

"Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау туралы қоса беріліп отырған Ереже (бұдан әрі - **Е р е ж е**) **б е к і т і л с і н .**

2. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жинақтаушы зейнетақы **қ о р л а р ы** :

1) 2006 жылғы 1 ақпанға дейін жинақтаушы зейнетақы қорларының автоматтандырылған ақпарат жүйесін құруға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар бөлігінде Ереженің талаптарына сәйкес өз қызметін **а т қ а р с ы н** ;

2) 2007 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде Ереженің 6-қосымшасында айқындалған талаптардың базалық критерийлерін орындауды қамтамасыз етсін;

3) 2008 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде Ереженің 7-қосымшасында айқындалған талаптардың қосымша критерийлерін орындауды қамтамасыз етсін.

3. Агенттік Басқармасының "Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау Ережесін бекіту туралы" 2005 жылғы 26 наурыздағы N 112 қаулысының (Нормативтік құқықтық

актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3609 тіркелген) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

5. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне және "Зейнетақы қорлары қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

6. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы н а р ы ғ ы н ж әне қ а р ж ы
ұ й ы м д а р ы н р е т т е у м е н қ а д а ғ а л а у
а г е н т т і г і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 6 қ а р а ш а д а ғ ы
N 410 қаулысымен бекітілген

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі

Осы Ереже зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия (бұдан әрі - лицензия) беру талаптары мен тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әртаратандыру - жинақтаушы зейнетақы қорының активтерін олардың құнын азайтудың тәуекелін төмендету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамаларымен рұқсат берілген әр түрлі қаржы құралдарына орналастыру;

2) баға тәуекелі - қаржы құралдарының нарықтық құнына әсер ететін, қаржы рыноктарындағы жағдай өзгерген жағдайда туындайтын қаржы құралдары портфелі құнының өзгеруі салдарынан болатын шығыстардың (шығындардың)

7) елдің (трансферт) тәуекелі - шет мемлекеттің немесе шет мемлекет резидентінің қаржы тәуекелдеріне қатыссыз себептер жөнінде міндеттемелер бойынша төлем қабілетсіздігі немесе жауап беру ниетінің болмауы салдарынан болған шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі;

8) кредиттік тәуекел - бағалы қағазды шығару талаптарымен белгіленген мерзімде инвесторға тиесілі негізгі борыш пен сыйақыны эмитенттің төлемеуі салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі. Кредиттік тәуекелге сондай-ақ своптар, опциондар бойынша және есеп айырысуларды реттеу кезеңінде бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді әріптестің орындамауына байланысты туындайтын залал тәуекелі кіреді;

9) операция тәуекелі - жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі бақылау ұйымына қойылатын талаптарды бұзуы (сақтамауы) салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі. Операция тәуекеліне сондай-ақ операция (компьютер) жүйелеріндегі елеулі іркілістердің туындауына байланысты тәуекелдер, белгіленген лимиттердің асып кетуі, бағалы қағаздармен немесе бэк-офис жұмысы барысында операторлардың қателерімен операциялар жасаған кездегі алаяқтық жағдайды;

10) өтімділікті жоғалту тәуекелі - жинақтаушы зейнетақы қорының өз міндеттемелерін орындамауы не уақтылы орындамауына байланысты тәуекел. Бағалы қағаздар өтімділігін жоғалту тәуекелі активтер сияқты олардың тез сатылу қабілеттілігімен, төмен шығасылармен және қолайлы бағалар бойынша айналады;

11) проценттік тәуекел - сыйақы ставкаларының қолайсыз өзгеруі салдарынан туындаған шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі, оның ішінде:

орналастырған активтер мен тартылған міндеттемелерді (белгіленген сыйақы ставкалары кезінде) қайтару және өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуінен шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі;

өзге тең жағдайларда ұқсас баға сипаты бар құралдардың бірқатары бойынша алынатын және төленетін сыйақыны есептеу және түзетудің түрлі әдістерін қолдануға байланысты негізгі тәуекел;

12) рыноктық тәуекел - қаржы рыноктарының қолайсыз қозғалыстарымен байланысты шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі. Рыноктық тәуекелдің макроэкономикалық табиғаты бар, яғни қаржы жүйесінің макроэкономикалық көрсеткіштері рыноктық тәуекелдің көздері болып табылады;

13) стресс-тестинг - жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жай-күйіне төтенше, бірақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал оқиғалардың нақты әсер етуін өлшеу әдісі;

14) тәуекелдерді басқару жүйесі - бұл процеске төрт негізгі элемент кіреді:

тәуекелді бағалау, тәуекелді өлшеу, тәуекелді бақылау және тәуекел мониторингі ;

15) фронт-офис - салымшылармен және алушылармен жасалатын жұмысты жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшесі;

16) "stop-loss" - лимиттерді белгілеу саясаты, қаржы құралдарымен жасалатын операциялар бойынша залалдың шекті түрде жол берілетін деңгейі;

17) инвестициялық декларация - активтері инвестициялық басқаруда болатын жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі бекіткен және Қазақстан Республикасының барлық аумағында он бес мыңнан төмен емес дана таралымымен таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында басылған инвестициялау объектілерінің тізілімін, мақсаттарын, стратегияларын, шарттарын және зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің шектеулерін, хеджирлеу және әртараптандыру шарттарын белгілейтін құжат.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 305 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру тәртібі

2. Лицензия алуға үміткер заңды тұлға (бұдан әрі - өтініш иесі) қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) мынадай құжаттарды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нысан бойынша лицензия беру туралы өтінішті;

2) бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжатты;

3) *алынып тасталды*

4) статистикалық карточканың көшірмесін;

5) *алынып тасталды*

б) акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркелгендігін растайтын құжаттың көшірмесін;

7) *алынып тасталды*

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен келісу рәсімдерінен өту үшін басшы қызметкерлер лауазымына үміткерлердің құжаттарын;

9) жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы ережелерін екі данада (ереженің бір данасы келісілгендігі туралы белгісі бар лицензияны берген кезде қайтарады);

9-1) жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясы;

- 10) жинақтаушы зейнетақы қорының есеп саясатын;
- 11) есепке алумен және құжат айналымымен қамтамасыз етуге бақылау жасау тәртібін өзіне жатқызатын жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне ішкі бақылау ережесін;
- 12) жинақтаушы зейнетақы қорының ұйымдық құрылымын;
- 13) үй-жайдың, ұйымдық техниканың, телекоммуникациялық жабдықтың бар екендігін растайтын құжаттарды;
- 14) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларының автоматтандырылған ақпарат жүйесін құруға және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың орындалуын растайтын құжаттарды береді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 305 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2007 жылғы 30 наурыздағы N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Осы Ереженің 2-тармағында атап көрсетілген, бірнеше қағаздан тұратын құжаттар нөмірленген, тігілген және соңғы парақтың артқы жағында өтініш берушінің мөрімен куәландырылған түрде, ішінара жапсырма қағаздың үстінде тігіс түйінінде желімделіп, тігілген парақтар санын көрсете отырып беріледі. Құжаттардың берілген көшірмелерінің дұрыстығы осындай құжаттарға қол қою құқығы бар өтініш иелері лауазымды тұлғаларының қойылған қолдарымен және өтініш иесі мөрінің бедерімен расталады.

4. Лицензия алу үшін берілген құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамаларының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген кезде өтініш иесіне осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша лицензия беріледі.

5. Лицензия өтініш иесі атқарушы органының бірінші басшысына не сенімхат негізінде оның өкіліне беріледі.

6. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген негіздер бойынша уәкілетті орган лицензия беруден бас тартады.

7. Лицензия алғаннан кейін екі жыл ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыруға, қаржы құралдарымен жасалатын операцияларды жүргізуге, жинақтаушы зейнетақы қорларының операциялық қызметін қамтамасыз етуге, осы Ереженің 3, 4, 5-қосымшаларына сәйкес ақпарат жүйелері мен басқару ақпараты жүйелерінің қызмет етуіне қойылатын талаптар мен критерийлердің орындалуын (бұдан әрі - тәуекелдерді басқару жүйесінің бар болуына қойылатын талаптар мен талап критерийлері) растайтын құжаттарды уәкілетті органға береді.

8. Лицензиаттар осы Ереженің 2-тармағының 9)-12) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар ұсынады, солардың негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап он күнтізбелік күннің ішінде лицензия берілді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Лицензияны беруден бас тарту туралы, лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы және оны қайтарып алу туралы уәкілетті органның шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіппен шағымдануға жатуы мүмкін.

10. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жинақтаушы зейнетақы қоры оның қызмет еткен барлық кезеңі ішінде осы Ереженің талаптарына сәйкес келуі тиіс, егер өзгесі осы Ережеде көзделмесе.

11. Жинақтаушы зейнетақы қорлары жыл сайын, есептіден кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей осы Ереженің 3, 4, 5-қосымшаларында көрсетілген талаптардың орындалуын бағалау жөнінде олар әзірлеген есепті уәкілетті органға береді. Осы есепте:

1) тәуекелдерді басқару жүйесінің бар болуына қойылатын талаптар мен талаптар критерийлерінің толық тізбесі;

2) тәуекелдерді басқару жүйесінің бар болуына қойылатын әрбір талап пен талап критерийіне жинақтаушы зейнетақы қорының сәйкестігі жөніндегі, оның ішінде көрсетілген талаптарға жинақтаушы зейнетақы қорының сәйкестігін жан-жақты айқындайтын бағалау;

3) жинақтаушы зейнетақы қорының тәуекелдерді басқару жүйесіндегі, оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесінің бар болуына қойылатын талаптар мен талап критерийлері бойынша кемшіліктер;

4) тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктерді жою жөніндегі қажетті іс-шаралар бар.

12. Осы Ереженің 3, 4, 5-қосымшаларында айқындалған жинақтаушы зейнетақы қорларындағы тәуекелдерді басқару жүйесінің бар болуына қойылатын талаптардың, талап критерийлерінің тізбесі.

Осы ереженің 3-қосымшасындағы 9, 11-жолмен, "Талаптар критерийі" деген бағанадағы 12-жолдағы бірінші абзацпен, "Талаптар критерийі" деген бағанадағы 16-жолдағы алтыншы абзацпен, 18, 19-жолмен, "Талаптар критерийі" деген бағанадағы 21-жолдағы екінші абзацпен, 23-жолмен; осы ереженің 4-қосымшасымен;

осы ереженің 5-қосымшасының "Талаптар критерийі" деген бағанадағы 1-жолдағы үшінші абзацпен, 2-жолмен;
осы ереженің 6-қосымшасындағы 10, 18, 27-30, 34, 37, 39, 41-56, 58, 60-ж о л м е н ;

осы ереженің 7-қосымшасындағы 5, 6, 7, 10, 11, 13-26-жолмен анықталған қаржы құралдарымен операцияларды дербес жүзеге асырмайтын жинақтаушы зейнетақы қорларына тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуына қойылатын мынадай талаптар таралмайды;

"Талаптар критерийі" деген бағанадағы 1-жолдың үшінші абзацымен.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 305 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Жинақтаушы зейнетақы қорларының орындауы міндетті негізгі талап критерийлері осы Ереженің 6-қосымшасында айқындалған.

14. Жинақтаушы зейнетақы қорларының орындауы міндетті қосымша талап критерийлері осы Ереженің 7-қосымшасында айқындалған.

3-тарау. Қорытынды ережелер

15. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен шешілуі тиіс.

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау
Ережесінің 1-қосымшасы

Жинақтаушы зейнетақы қорларының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құруға және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі мынадай міндетті шағын жүйелерден:

- 1) жүйені басқару және ішкі аудит;
- 2) жинақталған зейнетақы қаражаты;
- 3) е с е п б е р у ;

4) сыртқы жүйелері бар интерфейстен тұруы керек.

2. "Жүйені басқару және ішкі аудит" шағын жүйесі жүйені пайдаланушылардың қол жеткізуін басқаруды қамтамасыз ету үшін арналған.

"Жүйені басқару" міндеті мынадай функциялардың орындалуын:

1) ақпараттық жүйенің пайдаланушылардың тобын анықтап, оларды орындайтын функциясы бойынша санатқа бөліп және олардың ақпаратқа қол

жеткізу деңгейін белгілеуді;

2) пайдалану парольдерінің өзгеруін;

3) операциялық күннің ашылуы/жабылуын;

4) жұмыс күнінің ауыстыруын;

5) жүйені оқшаулау/оқшауламауды;

б) деректерді ұзақ мерзімге сақтайтын кез келген алмалы-салмалы тасымалдаушылардың мұрағаттық және резервтік көшірмесін жасауды қамтамасыз етіп отыруы керек.

"Жүйенің ішкі аудитінің" міндеті мынадай функциялардың орындалуын:

1) мынадай атрибуттардың сақталынуымен оқиғалар жүйесінде болған тіркеуді және бірегейлендіруді: оқиғаның басталу уақыты және күні, іс-әрекетті жүргізетін пайдаланушы, жазбаның идентификаторы, бизнес процестің орындалуының аяқталу уақыты және күні, бизнес процестің орындалу нәтижесі, қосымша атрибуттар;

2) шағын жүйенің бизнес процестерінің анықтамалығын қарауды;

3) жүйелі оқиғалар анықтамалығын қарауды;

4) аудиттің жағдайын басқаруды;

5) шағын жүйені пайдаланушыларға жүйелі оқиғаның және аудит жасалатын бизнес-процестерді тағайындауды;

6) бизнес процесс аудитінің электронды журналының файлын сақтау мен қарауды;

7) жүйелі оқиғалар аудиті журналының файлын сақтау мен қарауды;

8) бизнес процесс аудитінің жазбасын мұрағатқа тасымалдауды;

9) жүйелі оқиғалар аудитінің жазбасын мұрағатқа тасымалдауды қамтамасыз етіп отыруы керек.

"Ішкі аудит" міндетін пайдаланушылар үшін аудиторлық белгіні жүргізуді басқару бойынша мүмкіндіктер болуы керек. Пайдаланушы администраторда "Ішкі аудит" міндетін толығымен өшіру немесе қосу мүмкіндігі немесе шағын жүйенің әрбір пайдаланушысы үшін жеке тек қана таңдаулы оқиғаларды бақылауды тағайындау. Аудиттің жағдайын басқару бойынша оқиғалар жүйелі оқиғалар аудитінің журналына жүйенің "Ішкі аудит" жүйесінің міндеті өшірілуіне немесе қосылуына қарамастан үнемі жазылуы тиіс.

"Жүйені басқару және ішкі аудит" шағын жүйесіндегі "Ішкі аудит" міндетінің функцияларына қол жеткізу үшін тиісті функцияларға қол жеткізуге қосымша құқық қосылу керек.

3. "Жинақталған зейнетақы қаражаты" шағын жүйесі салымшының (алушының) міндетті және ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіби жарналары бойынша қаражатының есебін дербес жүргізуге, салымшылар (алушылар) арасындағы инвестициялық кірісті бөлуге және зейнетақы төлемдерін есепке

алуға келесі функцияларды орындалуын:

1) міндетті, ерікті зейнетақы жарналары бойынша және ерікті кәсіби жарналар бойынша зейнетақы шарттарын дербес есепке алуды жүргізуді;
зейнетақы шарты бойынша карточканы ашуды;
ашылған карточкаға өзгерістер енгізуді;
зейнетақы шарттарын түрлі өлшемдер бойынша сұрыптауды;

2) салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарымен операцияларды аналитикалық және синтетикалық бухгалтерлік есеппен жүргізуді;

дербес зейнетақы шоттарын ашуды;

дербес зейнетақы шоттары бойынша операцияларды көрсетуді (зейнетақы жарналарының, айыппұлдың, өсімпұлдың, инвестициялық кірісті есептеу, жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу, жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аудару);

салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына біріктіруді;
дербес зейнетақы шоттары бойынша берілген уақыт интервалына деректерді жасауды;

салымшының (алушының) дербес зейнетақы шоттарынан үзінді көшірме жасауды;

3) салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына шартты бірлік санын есептеу және шартты бірлікте зейнетақы активтерінің құнын күн сайынғы қайта бағалау жолымен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына есептелген инвестициялық кірісті бөлу, дербес зейнетақы шоттарына есептелген инвестициялық кірістің дұрыс бөлінуіне бақылау жасауды қамтамасыз етуі керек.

4) зейнетақы төлемдерін жүзеге асырғанда келесі функциялардың орындалуын:

әрбір алушыға жинақталған зейнетақы қаражатының сомасын есептеуді;
заңдарға сәйкес зейнетақы төлемдерінен тиісті сомасынан табыс салығын ұстап қалуды;

төлем құжаттарын жасауды;

берілген күнге зейнетақы төлемдеріне болжау жасауды;
әрбір салымшы бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының сомасының дұрыс есептелуін тексеруді, зейнетақы төлемдерінің сомасынан табыс салығын ұстап қалуды, төлем құжаттарын жасауды қамтамасыз етуі керек.

5) Жинақталған зейнетақы қаражатының басқа жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуды жүзеге асырғанда мынадай функциялардың орындалуын:

зейнетақы заңдарының талаптарын сақтай отырып, аударымдардың

мерзімділігін

тексеруді;

дербес зейнетақы шоттарын жабуды;

төлем құжаттарын жасауды;

төлем құжаттарының дұрыс жасалғандығын тексеруді, сақтандыру ұйымының жинақтаушы зейнетақы қорынан жинақталған зейнетақы қаражатының алғанын растауды;

дербес зейнетақы шоттарының тарихын өткізуді және сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

6) зейнетақы жарналары түскенде шағын жүйенің МТ-102 форматындағы салымшылардың (алушылардың) тізімін оқу кезінде жинақтаушы зейнетақы қорының деректер базасымен салыстыру керек және деректемелерде айырмашылық немесе дербес зейнетақы шоты жоқ болғанда, қате есептелген зейнетақы жарналарының сомасын қайтарудың МТ-102 форматында төлем тапсырмасын жасауды;

7) жинақталған зейнетақы қаражатының есебінен орналастырылған инвестициялық кірісті есепке алу, (инвестициялық портфель) қаржы инвестицияларын есепке алуды;

8) меншікті активтер есебінен қаржы инвестициялары есебінің орындалуын қамтамасыз етуі керек.

4. "Есеп беру" шағын жүйесі есеп беруді электронды түрде, электронды файлда және қағаз тасымалдағышта жасау үшін арналған.

Шағын жүйе мынадай функциялардың орындалуын:

1) уәкілетті органның талаптарына сәйкес есептің электронды макетін жасауды;

2) есеп берудің бірдей көрсеткіштеріне бақылау жасауды қамтамасыз ету керек.

5. "Сыртқы жүйелері бар интерфейс" шағын жүйесі электронды ақпаратты:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының филиалдарымен, өкілдіктерімен;

2) "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынымен, оның бөлімшелерімен;

3) кастодион банкпен;

4) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен;

5) уәкілетті органдармен;

6) басқа заңды және жеке тұлғалармен айырбас жасауды қамтамасыз ету үшін арналған.

6. Автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жүйенің тұтас алғанда қызметтік сипаттамасын жақсартатын қосымша шағын жүйелер мен міндеттерді іске асыруға болады.

7. Жинақтаушы зейнетақы қорының сатып алынатын бағдарламалық қамтамасыз етуі патенттелген немесе лицензияланған болуы керек.

8. Автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің бағдарламалық-аппараттық тұғырнамасында тиісті сәулет, мыналарды:

- 1) ақпараттың үлкен көлемде сақталуын;
- 2) іздеудің тиімді алгоритмдері және соңғы ұрпақтың бағдарламалау тілі құралдарының деректерін өңдеуді;
- 3) деректер базасына қол жеткізу құқығын шектеуді;
- 4) деректердің қайшылықсыз және логикалық тұтастығын қамсыздандыруды қамтамасыз ететін деректер базасын басқару жүйесі болуы тиіс.

9. Ақпаратты қорғау.

Автоматтандырылған ақпараттық жүйесі пайдаланылатын ақпаратты мынадай талаптарға сай қорғауды:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының локальды желісінің жұмысы кезінде пайдаланушылардың автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректеріне, функцияларына және ресурстарына кіру құқығын анықтап айыру қамтамасыз етілуі тиіс;

2) автоматтандырылған ақпарат жүйесінің әрбір пайдаланушысының әркімге қарауға мүмкіндік бермейтін сегізден кем емес символдан тұратын өз жеке паролі болуы тиіс және оны тек пайдаланушының өзі немесе басқарушы ғана өзгерте алатын болуы мүмкін;

3) жинақтаушы зейнетақы қорының және оның филиалдарының, өкілдіктерінің арасындағы ақпарат алмасуы бағдарламалық қамтамасыз етудің авторлық құқығы ретінде лицензияланған немесе тіркелген пайдалану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Автоматтандырылған ақпарат жүйесі ақпараттық қауіпсіздіктің мынадай негізгі механизмдерімен қамтамасыз етілуі тиіс:

- 1) бірегейлендіру және аутентификациялау;
- 2) кіруді басқару;
- 3) хаттама жасау және аудит;
- 4) жинақтаушы зейнетақы қорының және оның филиалдарының, өкілдіктерінің арасындағы криптографиялық қорғаныс.

Вирус бағдарламалары іс-әрекетінен қорғауды қамтамасыз ету рәсімдерін орындау арнайы лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Ақпараттың сақталуы.

Автоматтандырылған ақпарат жүйесінің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсаты үшін жинақтаушы зейнетақы қоры мыналармен қамтамасыз етілуі тиіс:

1) резервтік көшірме жасауды жүргізу және бағдарламалық қамтамасыз етуді және апатты жағдай пайда болған кезде автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректер базасын қалпына келтіру бойынша құжаттамалық ресімделген ресімдердің болуы;

2) резервтік көшірмелері бар магнитті тасымалдағыштарды жинақтаушы зейнетақы қоры тұрған жерден тыс жерде сақтау;

3) Автоматтандырылған ақпарат жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне, автоматтандырылған ақпарат жүйесінің үзіліссіз жұмыс істеуіне кедергі жасайтын дүлей апатты және басқа да жағдайлар пайда болған кезде қамтамасыз ететін жинақтаушы зейнетақы қорының тұрған жерінен тыс резерв орталығының болуы.

Автоматтандырылған ақпарат жүйесі ақпараттың толық сақталуын мынадай кездерде электронды архивтерде және деректер базасында қамтамасыз етуі тиіс:

1) автоматтандырылған ақпарат жүйесінің кез-келген учаскесінде электр энергиясы толық немесе ішінара ажыратылған кезде;

2) жұмыс станциялары, шет жақтардағы және телекоммуникациялық жабдықтар бұзылып қалған кезде.

Сервер бұзылған кезде ақпаратты жоғалтуға жол беріледі, егер соңғы резервтік көшірме жасалған сәтте ақпаратты автоматтандырылған ақпарат жүйесінің технологияларын және деректер тұтастығын бұзбай қалпына келтіру мүмкіндігі бар болса.

Сервердің үзіліссіз қорек беру көзі сервердің техникалық сипаттамаларына сәйкес келуі және оның жұмыс қабілетін қорек ажыратылған сәттен бастап пайдаланушылардың операцияларын дұрыс аяқтауы үшін қажетті уақыт аралығында оның жұмыс қабілеттілігіне қолдау көрсете алатын болуы тиіс. Мұндайда үзіліссіз қорек беру көзіндегі батареяларының заряд беру деңгейінің төмендеуі сервердің ажыратылу процесін автоматты түрде күшейтуі тиіс.

11. Ақпараттың шынайылығы.

Ақпаратқа кіру және оны түзету екі рет кіру әдісімен орындалуы тиіс, не орындалған іс-қимылдар туралы фискальды ақпаратты енгізу міндетті болатын бұрыштама алу әдісімен орындалуы тиіс. Ақпаратқа кіру және оны түзету ақпараттың хронологиялық үзіліссіздігін және тұтастығын қандай жағдайда да бұзбауы тиіс.

Қаржы операцияларының есебі екі рет жазу әдісімен орындалуы тиіс. Енгізілген операциялардың қайсысы болмасын жоғалтылуы мүмкін емес. Қате енгізілген қаржылық құжаттар жойылмауы, тек сортталуы тиіс.

12. Ақпаратты және бағдарламалық қамтамасыз етуді көшірме жасау және қалпына келтіру. Резервтік көшірмелерді сақтау.

Ақпаратты және бағдарламалық қамтамасыз етуді көшірме жасау тәртібі бойынша көшірме жасау сәтінде жүйені толық қалпына келтіру мүмкіндігі қамтамасыз етілуі, сонымен қатар қалпына келтіру деректердің жалпы тұтастығы б ұ з ы л м а у ы т и і с .

Деректер базасын және бағдарламалық қамтамасыз етуді резервтік көшірме жасау күнделікті жүзеге асырылады, ал мұрағаттық көшірме жасау - айына бір реттен кем емес.

13. Жүйенің ақпараттық және коммуникациялық құралдарына қойылатын талаптар автоматтандырылған ақпарат жүйесінің техникалық тапсырма сатысында жасалады.

14. Жинақтаушы зейнетақы қоры құрылымында автоматтандырылған ақпарат жүйесінің құрылуына, кіруіне және қызметіне жауапты болатын тиісті бөлімше қарастырылуы тиіс.

Зейнетақы жарналарын тарту
және зейнетақы төлемдерін
жүзеге асыру жөніндегі
қызметті лицензиялау

Ережесінің 2-қосымшасы

Қазақстан Республикасының

Елтаңбасы

Уәкілетті органның толық атауы

**Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін
жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру
ЛИЦЕНЗИЯСЫ**

Лицензияның нөмірі ____ Лицензия берілген күн "___"_____200__ж.
Берілді _____

(занды тұлғаның толық атауы)

Лицензия Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.

Лицензия қолданылу мерзімі шектелмей берілді.

Лицензияны берген орган, _____

(уәкілетті органның толық атауы)

Уәкілетті органның басшысы (басшының орынбасары) _____

(басшының (басшының орынбасарының) фамилиясы және әкесінің аты)

Мөрдiң орны

Алматы қаласы

Зейнетақы жарналарын тарту
және зейнетақы төлемдерiн
жүзеге асыру жөнiндегi
қызметтi лицензиялау

Ережесiнiң 3-қосымшасы

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгiзiлдi - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттiгi Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 305 (мемлекеттiк тiркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.

**Тәуекелдi басқару жүйесiн ұйымдастыруға
қойылатын талаптар**

N	Талаптар атауы	Талаптар критерийi
1.	Директорлар кеңесi ұзақ мерзiмдi корпоративтi стратегияны қалыптастырды.	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының корпоративтi стратегиясында жинақтаушы зейнетақы қоры қызметiнiң қысқа мерзiмдi (бiр жылға дейiн) және ұзақ мерзiмдi (бiр жылдан он жылға дейiн) мақсаттары анықталды.</p> <p>Жинақтаушы зейнетақы қорының ұзақ мерзiмдi стратегиясы бұрын жинақтаушы зейнетақы қорының қызметiне жағымсыз әсер еткен факторларды болдырмау мақсатында жасалды және тұрақты жетiлдiрiледi. Директорлар кеңесi инвестициялық декларацияны бекiттi.</p>
2.	Директорлар кеңесi жинақтаушы зейнетақы қорының қызметiн реттейтiн iшкi құжаттарды бекiтедi.	<p>Директорлар кеңесi жинақтаушы зейнетақы қорының қызметiн реттейтiн iшкi құжаттарды бекiтедi, оның iшiнде: жинақтаушы зейнетақы қорының мүддесiне байланысты дауларды реттеу жөнiндегi тәрiптi; функциялары тәуекелдердi басқару жөнiндегi рәсiмдердiң орындалуын көздейтiн қызметкерлерге қойылатын бiлiктiлiк талаптарын;</p> <p>тәуекелдердi басқару тәрiбiн;</p> <p>iшкi аудит жөнiндегi тәрiптi;</p> <p>iшкi бақылау жөнiндегi тәрiптi;</p> <p>есепке алу саясатын;</p> <p>ақпараттық қауiпсiздiк тәрiбiн.</p>
3.	Директорлар кеңесi iшкi аудиттi жүргiзу тәрiбiн бекiтедi.	<p>Iшкi аудит бойынша құжаттарда iшкi аудит қызметiнiң директорлар кеңесiне және жинақтаушы зейнетақы қоры басқармасына әрбiр тексерулердiң нәтижелерiн ұсынудың оңтайлы мерзiмдерi көзделедi.</p> <p>Iшкi аудит қызметiнiң өкiлеттiгi бөлiмше үшiн орындалуы мiндеттi болып табылатын жүргiзiлген тексерулер қорытындысы бойынша ұсыныстар әзiрлеудi көздейдi, сонымен қатар оларды жүзеге асыру тәсiлдерi мен талаптарын тiкелей бөлiмшелер белгiлейдi.</p> <p>Iшкi аудит қызметi жинақтаушы зейнетақы қорының бөлiмшелерi iшкi аудит қорытындысы бойынша қабылданатын</p>

		<p>іс-шараларды және оларды оңтайлы орындау мақсатында жүргізген және жоспарланған мониторингті жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметі қаржылық қызметтің жаңа түрлерін енгізу кезінде жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтауға байланысты, жинақтаушы зейнетақы қорында қосымша ықтимал тәуекелдердің пайда болу мүмкіндігіне баға б е р е д і .</p> <p>Басқарма әрбір тексеру қорытындысы бойынша ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебіне талдау жасайды және анықталған кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шаралар қабылдау бойынша директорлар кеңесіне ұсыныстар береді.</p>
3-1	<p>Директорлар кеңесі жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне басқару есептілігі жүйесінің ішкі аудит қызметі ұсынған аудиторлық есептерін, сондай-ақ сыртқы аудиторлардың аудиторлық есептерін ұсыну арқылы мониторинг жүргізеді.</p>	<p>Ішкі аудит қызметі уәкілетті органның ықпал ету шаралары мен өзге талаптарын, ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсынымдарын орындауына, жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі ережелер мен рәсімдерді сақтауына бақылау жасайды.</p> <p>Директорлар кеңесі жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайын бақылауға мүмкіндік беретін қажетті ақпаратты тиісінше алады, жинақтаушы зейнетақы қорының толығымен ағымдағы қаржы жылына жоспарланған жинақтаушы зейнетақы қорының жету мәніне арналған қызметіне талдау мен бағалау жүргізеді.</p> <p>Директорлар кеңесі ішкі бақылауды және тәуекелдерді басқаруды жақсарту жөніндегі сыртқы аудиторлардың аудиторлық есебін талдайды.</p>
3-2	<p>Директорлар кеңесі жинақтаушы зейнетақы қоры басқармасының қызметіне бақылауды жүзеге асырады .</p>	<p>Директорлар кеңесі жинақтаушы зейнетақы қорының толығымен ағымдағы жылға жоспарланған мақсатына жетуге арналған қызметін талдайды.</p> <p>Директорлар кеңесі уәкілетті органның ықпал ету шараларының орындалмау себептерін және өзге талаптарын анықтауға, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіндегі кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалмауына бақылау жасайды.</p> <p>Директорлар кеңесі жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерінің функционалдық міндеттеріндегі мүдделердің болуы мүмкін дау-дамайларына талдау жасайды.</p> <p>Директорлар кеңесі өзінің өкілеттіктері шегінде ағымдағы жылдың мақсатты көрсеткіштеріне жинақтаушы зейнетақы қорының қызметінің нәтижелері сәйкес келмеген жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының басқарма мүшелеріне шаралар қолдана алады.</p>
3-3	<p>Директорлар кеңесі қысқа мерзімге жылдық бюджетті/қаржылық жоспарды құрастыру және ұзақ мерзімге стратегиялық жоспарлау тәртібін, басқару есептілігінің нысандарын және ұсыну мерзімдерін бекітеді.</p>	<p>Басқарма жылдық бюджеттерді және стратегиялық жоспарларды құрастыруды ағымдағы және болашақтағы бәсекелестікті, экономикалық орта мен Қазақстан Республикасының заңнамасын, жинақтаушы зейнетақы қоры капиталының қосымша қажетті мөлшерін ескере отырып, ж ү р г і з е д і .</p> <p>Басқарма директорлар кеңесі мен жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлеріне жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы қаржылық және басқару есептілігін ұсынады.</p>
4.	<p>Директорлар кеңесі кезең-кезеңімен жинақтаушы зейнетақы қорының</p>	<p>Директорлар кеңесі ай сайын талдауға мынадай есептерді а л а д ы :</p>

	<p>қаржылық жағдайын бақылауға мүмкіндік беретін қажетті ақпаратты қабылдайды, есепті кезең ішіндегі жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне талдау жасайды, баға береді.</p>	<p>жинақтаушы зейнетақы қорының өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғандағы кірістері мен шығыстары туралы жиынтық балансы және есебі және жоспарлы қызмет көрсеткіштері;</p> <p>инвестициялар туралы есептер: қаржы құралдарының олардың түрлерін және баланстық құнын, рыноктық құнын, кірістілігін және сатып алу және сату жалпы сомасын көрсету бойынша топталуы.</p> <p>Директорлар кеңесі тоқсан сайын талдауға мынадай есептерді алады:</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының активтер мен міндеттемелерінің көлемін салыстыру туралы есеп (гэп - талдау);</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының проценттік тәуекел бойынша позициясын қысқаша талдау;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының валюталардың айырбас бағамдарының ауытқуы тәуекеліне душар болуын қысқаша талдау;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті капиталдағы ағымдағы және болжалданып отырған қажеттіліктерін қысқаша талдау.</p>
5.	<i>алынып тасталды</i>	
6.	<i>алынып тасталды</i>	
7.	<p>Басқарма жинақтаушы зейнетақы қоры басқармасының ұйымдастыру-функционалдық құрылымын қалыптастырады.</p>	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының ұйымдастыру-функционалдық құрылымының мәселелері бойынша ішкі құжаттар реттейді, оның ішінде: тәуекелдерді басқару жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшесінің жинақтаушы зейнетақы қоры жүргізетін операцияларға байланысты негізгі тәуекелдерді тәуелсіз талдау және бағалауға жауап беретін өкілеттігі;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының өз функционалды міндеттеріне сәйкес келетін органдарының құрылымын;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қоры қызметкерлерінің лауазымдық өкілеттігін;</p> <p>есепті жыл ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының қызметіне баға беру тәртібі, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры қызметіндегі мақсатты көрсеткіштерін жинақтаушы зейнетақы қорымен орындалмағаны үшін шара қолдану немесе жауапкершілікке тартуын.</p>
8.	<i>алынып тасталды</i>	
9.	<p>Басқарма жинақтаушы зейнетақы қоры жүргізген әлеуеттік және мүмкін тәуекелдерді бірегейлендіреді және бағалайды, тәуекелдерді басқарудың реттелген рәсімдерін қолданады.</p>	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының тәуекелдерді басқару функциясын жүзеге асыратын бөлімшесі қаржы құралдарының сыртқы және ішкі рыноктарының теріс серпінділігі жағдайында оның зейнетақы активтеріне, кірістілікке және өтімділік ықпалына баға беру әдісін пайдаланады.</p> <p>Жинақтаушы зейнетақы қорының тәуекелдерді басқару қызметін жүзеге асыратын бөлімшесі, әлеуетті және мүмкін тәуекелді беретін ішкі және сыртқы экономикалық факторларды бірегейлендіреді және оған талдау жасайды, олардың жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық көрсеткіштеріне әсер ету дәрежесіне баға береді.</p>

		<p>Директорлар кеңесі бекіткен жиынтық лимиттер бөлігінде басқарма жеке-жеке жүргізіліп отырған операциялар түрлері бойынша тәуекелдің жол берілетін мөлшеріне лимиттер белгілейді, жинақтаушы зейнетақы қорының аталған лимиттерді сақтауы үшін бақылаудың тиімді шараларын қабылдайды.</p>
10.	<p>Басқарма жинақтаушы зейнетақы қорының мүмкін және әлуетті тәуекелдерін бақылауды жүзеге асырады.</p>	<p>Басқарма жиынтық лимиттердің сақталуын тәуекел түрлері бойынша олардың ай сайынғы есебі негізінде бақылайды. Басқарма мүмкін және әлуетті тәуекелдерді басқарудағы саясатты жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшелерінің сақтауын бақылайды, жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшелерінің олар үшін белгіленген лимиттер шегіндегі тәуекелдер мөлшерін сақтау мониторингін жүзеге асырады</p>
11.	<p>Жинақтаушы зейнетақы қоры бағалы қағаздар рыногындағы болуы мүмкін тәуекелдерді әртараптандыру (бөлу) саясатын ұстанады</p>	<p>Басқарма жинақтаушы зейнетақы қоры жүргізіп отырған операциялар түрлері бойынша тәуекелдерді бөлу, яғни меншікті капиталдың жеткіліктілігі мен төлем қабілетінің қажетті деңгейін сақтау мақсатындағы тәуекелді ескеріп, қаржы құралдарымен жүргізілген операциялардың құрылымы мен көлемін қалыптастыру саясатын қолданады және оларды жинақтаушы зейнетақы қорының жауапты бөлімшелерінің орындауына бақылау жасайды.</p> <p>Жинақтаушы зейнетақы қорының әртараптандыру саясатын іске асыруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ уәкілетті орган белгілеген әртараптандыру нормаларын сақтайтын мониторингті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ұйымдастыру-функционалдық және операциялық құрылымы бар.</p>
12.	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының ұйымдастыру және функционалды құрылымы, жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық қызметі бойынша шешімдер қабылдау рәсімдері жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі саясатымен реттеледі.</p>	<p>Тәуекелдерді басқару саясаты жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерінің өкілеттіктері мен функционалдық міндеттерін реттейтін ережелерді, соның ішінде қаржы құралдарын сатып алу/сату жөніндегі операцияларды жасаудың дұрыстығына қосарлы бақылау жасауды көздейді және соған байланысты тәуекелді бақылауды көздейді.</p> <p>Ішкі аудит қызметі басшы қызметкерлердің жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін басқару жөніндегі өкілеттіктері мен функциясын топтауды анықтауға, сондай-ақ жүргізілген операциялардың жинақтаушы зейнетақы қорының бекітілген корпоративті стратегиясына, саясатына және рәсімдеріне сәйкес келу мәніне тексеру жүргізеді.</p> <p>Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясат жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесінің, басқарма мүшелерінің және жауапты қызметкерлердің өкілеттіктері мен функционалдық қызметін анықтайды.</p>
13.	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорында кезең-кезеңімен директорлар кеңесіне, басқармаға жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы қаржылық қызметі туралы және жинақтаушы зейнетақы қоры қабылдаған</p>	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы қаржылық жай-күйі туралы ақпараттар форматы және ол қабылдаған тәуекелдер белгілі бір басқарудың есеп беру нысаны түрінде стандартталған, оның ішінде кредиттік, проценттік тәуекелдерді, өтімділікті жоғалту тәуекелін, валюталық, ел (трансферттік) тәуекелдерін, сондай-ақ тәуекелдерге душар болу дәрежесін анықтайды, олардың белгіленген лимиттер шегінде сақталуын бірегейлендіреді және өлшем жасайды.</p>

	<p>тәуекелдер мөлшері туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін басқарудың есеп және есеп беру жүйесі бар.</p>	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесіне және басқармасына ұсынылатын басқарушылық ақпарат тізбесі жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі мен басқармасының тәуекелдерді басқару жөніндегі жеке функционалдық міндеттерін тиісінше орындауы үшін жеткілікті болып табылады.</p>
14.	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының тәуекелді басқару жөніндегі ішкі саясаты сол сияқты функциясы тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдерді орындауды көздейтін қызметкерлерге қойылатын қызметтік міндеттерін де белгілейді.</p>	<p>Жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшесінің тәуекелді басқару жөніндегі және ішкі аудит қызметінің қызметкерінің функционалды міндеттері олар жүргізіп отырған операцияларға сәйкес келеді.</p>
15.	<p>Директорлар кеңесі салымшылар (алушылар) активтерімен, жинақталған зейнетақы қаражатын есепке алу жұмысты ұйымдастыруды реттейтін ішкі саясатты бекітті.</p>	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерімен жұмыс жөніндегі саясатына мыналар жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына қаражаттың, төлемдердің және жинақталған зейнетақы қаражаты аударымдарының уақтылы түсуінің есебін алу шынайылығын қамтамасыз ететін рәсімдер; салымшылардың (алушылардың) зейнетақымен қамсыздандыру шарты бойынша шағымдарын белгіленген мерзімде қарауға кепілдік беретін рәсімдер, жинақталған зейнетақы қаражатын аудару сәтіндегі немесе төлем жасау сәтіндегі жоғалтуларды уақтылы қалпына келтіру; зейнетақы активтерін есепке алу сәйкестігі мониторингін қамтамасыз ету және зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сай уақтылы инвестициялау рәсімдері; жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақысын есепке алу дұрыстығын тексеру; зейнетақы активтерінен және инвестициялық кірістерден алынатын жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақысының мөлшері, сондай-ақ осы ақпараттың жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларына (алушыларына) берілу шарттары.
16.	<p>Ішкі аудит қызметі қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшелеріне мерзімді түрде, жылына бір реттен кем емес ішкі аудиторлық тексеру жүргізеді, оның ішінде тәуекелді басқару жүйесін және ішкі бақылауды жақсарту мақсатында.</p>	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі аудит бойынша саясаты мыналарды анықтайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> жинақтаушы зейнетақы қоры душар болған барлық тәуекелдер; ішкі аудитті жүргізу ауқымы және жиілігі; ішкі аудитті жүргізу кезінде пайдаланылатын рейтингтік жүйе; жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі аудит жүргізу жоспарын жасауға қойылатын талаптар. <p>Ішкі аудит қызметі аудит саясатына сәйкес қаржы құралдарымен операциялар жүргізуді көздейтін жинақтаушы зейнетақы қорының барлық бөлімшелеріне тұрақты түрде ішкі тексерулер жүргізеді.</p> <p>Ішкі аудит қызметі аудит саясатына сәйкес зейнетақы активтерінің есебінен жасалатын операцияларға, зейнетақы активтерінің қатысуымен жасалатын мәмілелерді жасау дұрыстығына және кастодиан банктермен және жинақтаушы</p>

		<p>зейнетақы қорларымен салыстыруларды жүзеге асырудың, есепке алудың және құжат айналымының дұрыстығына тұрақты ішкі тексерулер жасайды.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің қызметкері жинақтаушы зейнетақы қорының біліктілік талаптарына сәйкес келеді, сондай-ақ тексерулер жасалып отырған жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшелерінің қызметі туралы жұмыс тәжірибесі және қажетті білімі болады.</p> <p>Жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі саясаты бойынша ішкі аудит қызметінің тексеріп отырған бөлімшенің қызметіне байланысты барлық қажетті, оның ішінде коммерциялық немесе өзге де конфиденциалды құпия режимдегі құжаттарды қарау құқығы көзделеді.</p> <p>Жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі аудит саясаты бойынша олардың функционалды міндеттерін орындауы жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерінен немесе басқа бөлімшелерден тәуелсіздігі және ішкі аудит қызметінің директорлар кеңесіне есептілігі белгіленеді.</p> <p>Ішкі аудит қызметі жинақтаушы зейнетақы қорының сыртқы аудиторымен бірлесіп, жылына бір реттен кем емес ретпен жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі бақылау жүйесіндегі ішкі немесе сыртқы аудитор анықтаған кемшіліктерді талқылау үшін бірлескен кездесулер өткізеді.</p>
17.	<i>алынып тасталды</i>	
18.	<p>Басқарма және қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыруға жауап беретін жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшелерінің басшылары жинақтаушы зейнетақы қорының ай сайынғы кірістер (шығыстар) мониторингін оларды директорлар кеңесі бекіткен лимит шегінде сақтау мақсатында жүргізеді.</p>	<p>Ішкі саясат бойынша ай сайын жинақтаушы зейнетақы қорының кірістерін (шығыстарын), оның ішінде серпінділігі, бөлігі бойынша, қызмет түрлері бойынша, жинақтаушы зейнетақы қорының аумақтық және функционалды бөлімшелері бойынша қадағалайтын жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшесі белгіленген.</p> <p>Ішкі саясат бойынша директорлар кеңесі белгілеген жиынтық лимиттер шегіндегі бөлімшенің қызметіне байланысты кірістерді (шығыстарды) басқару жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшесінің өкілеттігі көзделген.</p> <p>Бөлімшелер жинақтаушы зейнетақы қорының күтетін кірісіне қабылданып отырған тәуекелді ескере отырып баға береді.</p>
19.	<p>Басқарма қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыруға жауапты жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшелері бойынша қаржы ресурстарын бөлу мониторингін жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі белгілеп жол берген лимитін сақтай отырып, оның ішінде тәуекелге және кірістілікке және жинақтаушы зейнетақы қорының тәуекелі мен меншікті капиталына қатысты жүргізеді.</p>	<p>Басқарма жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті капиталының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін барынша төмен деңгейге сай келуін қ а м т а м а с ы з е т е д і .</p> <p>Басқарма директорлар кеңесі белгілеген жиынтық лимиттер шегінде жинақтаушы зейнетақы қорының қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыратын әр бөлімшесі үшін тәуекел лимитін белгілейді.</p>
20.	<p>Басқарма жинақтаушы зейнетақы қорының шарт жасау қатынастарын,</p>	<p>Ішкі аудит қызметі жүргізілген тексерулер қорытындысы бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының қызметкерінің</p>

	<p>уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын, зейнетақы активтері есебінен қаржы құралдарымен операциялар жүргізу жөніндегі ішкі саясатты өткізу мен сақталуын қадағалайды.</p>	<p>жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық стандарттарды, зейнетақымен қамсыздандыру аумағындағы Қазақстан Республикасының заңнамаларын білу деңгейін анықтайды.</p> <p>Ішкі аудит қызметі жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтауға байланысты, қаржылық қызметтің жаңа түрлерін енгізу кезінде жинақтаушы зейнетақы қорында қосымша маңызды тәуекелдердің пайда болу мүмкіндігіне баға береді.</p>
21.	<p>Басқарма директорлар кеңесіне және жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлеріне жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы қаржылық және басқару есебін, инвестициялық шешімдер бойынша есепті береді.</p>	<p>Директорлар кеңесі басқарманың директорлар кеңесіне және жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлеріне жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық көрсеткіштеріне баға беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржылық және басқару есебін ұсыну нысаны мен мерзімін бекітті.</p> <p>Директорлар кеңесі тұрақты негізде инвестициялық шешімдерді және олардың ұсынымдарын талдап отырады.</p> <p>Директорлар кеңесі ішкі бақылауды жетілдіру және тәуекелдерді басқару жөніндегі сыртқы аудиторлардың қорытындысына талдау жасайды.</p>
22.	<p>Басқарма тұрақты түрде тәуелсіз халықаралық аудиторлық ұйымдардың қорытындылары негізінде жинақтаушы зейнетақы қорының есеп және есеп беру жүйесін жақсартуды жүзеге асырады.</p>	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының есеп және есеп беру саясаты сонымен бірге жинақтаушы зейнетақы қорына аудит жүргізу барысында мынадай мәселелерді тексеруді көздейді:</p> <p>күнделікті балансты өңдеудің дұрыстығы;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының есеп саясатының қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес келуі;</p> <p>қаржылық есептердегі негізсіз бухгалтерлік айла-шарғы фактілерінің болуы;</p> <p>жеке және зейнетақы активтерінің есебінің дұрыстығы;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының есеп саясатында белгіленген талаптар бойынша есеп және есеп беруді жасау әдістерінің сәйкестігі;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының жылдық есебінде тәуекелдердің құрылымы мен мөлшерін толық және дұрыс ашу.</p>
23.	<p>Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің мониторингін жүзеге асырады, тәуекелдерді бағалауды жүргізеді және тәуекелдердің деңгейін төмендету бойынша шараларды әзірлеуге қатысады.</p>	<p>Тәуекелдерді басқару бөлімшесі:</p> <p>тәуекелдерді бағалау мен талдауға қажетті ақпаратты жинау процесін ұйымдастырады;</p> <p>әдістемені әзірлейді және жетілдіреді, тәуекелдерді бағалау мен талдау процесін ұйымдастырады;</p> <p>тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша іс-шараларды жоспарлайды;</p> <p>тәуекелдерді басқару әдісін әзірлейді, оның ішінде зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарын хеджирлеу принциптерін;</p> <p>тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралардың орындалуын бақылайды.</p> <p>Жинақтаушы зейнетақы қорының тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесінің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары мамандығына тиісті өтіл және тәуекелдерді басқару бойынша қызметтік міндеттерін жүзеге асыру үшін жұмыс тәжірибесі болуын көздейді.</p>

	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі зейнетақы активтеріне ықпал етуді бағалау методикасын, қаржылық активтердің ішкі және сыртқы теріс динамикасы жағдайындағы кірістілігі мен өтімділігін пайдаланады.</p> <p>Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше: жинақтаушы зейнетақы қорының баланстық есептерін, сондай-ақ кірістер мен шығыстарын; өтімділіктің төмендеуіне, қаржы құралдарға бағаның өзгеруіне т а л д а у ж а с а й д ы .</p> <p>Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше зейнетақы активтеріне мынадай тиімділікке және өтімділікке факторлардың ықпал етуін болжайды: е л т ә у е к е л і ;</p> <p>в а л ю т а л ы қ т ә у е к е л ;</p> <p>қаржы құралдарын мерзімінен бұрын өтеу тәуекелі; эмитент рейтингінің өзгеру тәуекелі.</p> <p>Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше стресс-тестингін өткізуді ұйымдастырады және оның нәтижелерін рынокта теріс факторлар көбейген кезде шұғыл әрекет ретінде пайдаланады.</p>
24.	<i>алынып тасталды</i>

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау

Ережесінің 4-қосымшасы

Ескерту. 4-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 305 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қаржы құралдарымен операциялар жүргізуге қойылатын талаптар

N	Талаптар атауы	Талаптар критерийі
1.	Директорлар кеңесі баға жөніндегі тәуекелді және мәмілелермен басқарудың ішкі саясатын бекітті.	<p>Мәмілелермен баға жөніндегі тәуекелді басқарудың ішкі саясаты мыналарды реттейді:</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қоры активтерінің (міндеттемелерінің) құрылымына байланысты өтімділікті жоғалту тәуекелін а н ы қ т а у ;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қоры активтерінің (міндеттемелерінің) құрылымына байланысты проценттік тәуекелін анықтау;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қоры активтерінің (міндеттемелерінің) құрылымына байланысты валюталық тәуекелін анықтау;</p> <p>туынды қаржы құралдарына тиесілі тәуекелдерді анықтау;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының рыноктық тәуекеліне өлшем жасау кезінде пайдаланылатын моделдер;</p> <p>тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің жинақтаушы зейнетақы қорының рыноктық тәуекел жөніндегі позициясы</p>

		<p>туралы есебін директорлар кеңесіне және басқармаға ұсыну мерзімділігі;</p> <p>қаржы рыногының жағдайына байланысты баға тәуекелін анықтау;</p> <p>тәуекелдердің басқа түрлерін анықтау.</p>
2.	<p>Директорлар кеңесі фронт- және бэк-офистердің функционалды міндеттерін бөлуге негізделген, нақты айтқанда мәмілені жүзеге асыратын фронт-офис пен аталған операциялардың есебін көрсетумен айналысатын бэк-офис арасындағы қосарлы бақылау саясатын бекітті.</p>	<p>Қосарлы бақылау жүйесі мыналарды көздейді: фронт және бэк-офистерді бөлу; бэк-офистің фронт-офистегі операцияларға қойылатын талаптарды уақтылы тексеру мүмкіндігі; қосарлы бақылау жүйесі қатысушылары арасындағы болуы мүмкін келісімдерді шектеу шаралары; фронт және бэк-офистерде және бөлімшелердің міндеттерін бір мезгілде бір тұлғаның орындауына тыйым салу.</p>
3.	<i>алынып тасталды</i>	
4.	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған жүйесі бар (қаржы құралдарының портфелін басқару, операциялармен қамтамасыз ету, шоттарды өңдеу және есеп айырысу жүргізу, тәуекелдерді басқару).</p>	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының тәуекелдерді басқару үшін қажетті ақпаратты жинау жүйесі бар. Ішкі аудит қызметі және сыртқы аудиторлар жинақтаушы зейнетақы қорының бухгалтерлік есеп және есеп беруді жүргізуге, тәуекелдерді басқаруға жауап беретін бөлімшелерінің беріп отырған мәліметтерінің нақтылығын тексереді.</p>
5.	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының нақты уақыт режиміндегі тәуекелдерді бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржы құралдарымен операциялар бойынша тәуекелдерді басқару жүйесі бар.</p>	<p>Жинақтаушы зейнетақы қоры баға тәуекеліне душар болған кірістерді/шығыстарды және активтер және міндеттемелер бойынша тәуекелдерді бақылайды және күнделікті олардың құнын бағалап отырады.</p>
6.	<p>Жинақтаушы зейнетақы қоры кезең-кезеңімен әлуетті рыноктық тәуекелді, сондай-ақ ағымдық рыноктық бағаны ескеріп, кірістерді/шығыстарды бағалайды.</p>	<p>Жинақтаушы зейнетақы қоры аталған қаржы құралының құнсыздануына байланысты қаржы құралының рыноктық құны болмаған жағдайда қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес тест жүргізеді. Жинақтаушы зейнетақы қоры тұрақты түрде әрбір операциялық күн ішінде қаржы құралдарымен операциялардан түскен кірістерге/шығыстарға баға береді. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі жинақтаушы зейнетақы қорының қаржы құралдары бойынша әділ бағаны анықтау дұрыстығы жөнінде мониторингті жүзеге асырады. Жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі баға тәуекелін ескере отырып, қаржы құралдарының құнын анықтау рәсімдерін бекітті. Жинақтаушы зейнетақы қоры тәуекелді бағалау және ағымдық бағаны рынокқа бейімдеу моделі негізінде қаржы құралдарының құнына баға береді, оның ішінде стресс-тестинг және бэк-тестингті жүзеге асырады. Жинақтаушы зейнетақы қоры тәуекелді бағалау және қаржы құралдарымен операциялар жасау кезінде шешімдер қабылдауға байланысты тұрақты стресс-тестинг қорытындысын пайдаланады.</p>
7.	<p>Директорлар кеңесі қаржы құралдарымен операциялар бойынша</p>	<p>Директорлар кеңесі кезең-кезеңмен жиынтық лимитті анықтайды.</p>

	жиынтық лимитті, ал басқарма - қаржы құралдары мен эмитенттердің топтары мен түрлері бойынша лимиттерді, сондай-ақ халықаралық практикада "stop-loss" ережесі бойынша қабылданған лимиттерді белгілейді.	Директорлар кеңесі кезең-кезеңімен жиынтық лимитті және "stop-loss"» лимиттерін белгілеу ережесін анықтайды. Жинақтаушы зейнетақы қорының мәмілелерді жүзеге асыратын бөлімшесі жұмыс күні ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының басқармасына жинақтаушы зейнетақы қорының қаржы құралдары бойынша позициясын ұсынады. Директорлар кеңесі қаржы құралдары бойынша лимиттерді белгілеу рәсімдерін және "stop-loss" лимиттерін белгілеу ережесін анықтайды.
8.	Басқарма қаржы құралдарының әр түрлері бойынша тәуекелдерді басқару рәсімдерін бекітті.	Басқарма шетел валюталарының әрбір түрі мен барлық валюталар бойынша спот, форвард, своп операцияларының халықаралық практикасында қабылданған позициялар бойынша лимиттерді белгілейді. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі спот және форвард операцияларын өтеу мерзімдерін басқару үшін активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің күн сайынғы кестесін п а й д а л а н а д ы . Басқарма қаржы құралдары үшін "stop-loss" лимиттерінің д и а п а з о н ы н белгілейді. Ішкі аудит қызметі "stop-loss" лимиттерін айқындау ережелерін жинақтаушы зейнетақы қорының дұрыс қолдануын тексереді.
9.	Директорлар кеңесі баға тәуекелі бойынша және тәуекелдердің басқа түрлері бойынша позицияны айқындау жөніндегі шешімді қабылдау саясатын бекітті, оның ішінде қаржы құралдары бойынша бөлуді, қаржы рыногының өтімділігі мен рынок мөлшерін ескере отырып, саясатты бекітті.	Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше қаржы құралдары рыногының және қаржы құралдарының өтімділігінің ауқымы мен динамикасына сәйкес қаржы құралдары жөніндегі лимиттердің бірдейлігіне талдау жүргізеді.
10.	<i>алынып тасталды</i>	
11.	Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тоқсанына кемінде бір рет нәтижелері басқармаға тоқсанына кемінде бір рет, директорлар кеңесіне жарты жылда кемінде бір рет нәтижелері кезең-кезеңмен ұсынылатын, инвестициялардың көлемін талдайды.	Басқарма жинақтаушы зейнетақы қорлары инвестициялық операцияларының күнделікті мониторингі рәсімдерін бекітеді. Инвестициялар портфелі бойынша кірістер/шығыстар туралы есеппен бірге мониторинг нәтижелері басқарма мен жинақтаушы зейнетақы қорларының директорлар кеңесіне а й ы н ұ с ы н ы л а д ы . Тәуекелдерді басқару бөлімшесі қаржы құралдарының, эмитенттің түрі, айналыс мерзімдері, валюта түрлері мен инвестициялау мақсаттары бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің мониторингін жүзеге асырады.
12.	Басқарма инвестициялар портфелін құрылымдау рәсімдерін орта және ұзақ мерзімді перспективада инвестициялық тиімділіктің тұрақты көрсеткіштерін ұстап тұратындай етіп бекітті.	Құ р ы л ы м д а у р ә с і м д е р і : айына кемінде бір рет рыноктық құны бойынша инвестициялар портфеліне қайта бағалау жүргізуді; жарты жылда кемінде бір рет әрбір есепті кезең үшін қаражаттарды, кірістерді/шығыстарды тарту құнын ескере отырып, инвестициялардың қаржы нәтижелеріне бағалау жүргізуді қарастырады.
13.	Директорлар кеңесі қаржы құралдарын сатып алу/сатудан болған	Басқарма қаржы құралдарымен жасалатын операциялар бойынша шамадан тыс шығыстарды болдырмау жөніндегі,

	шамадан тыс шығыстарды ескерту және көрсетілген саясатты жинақтаушы зейнетақы қорларының сақтауын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі саясатты бекітті.	оның ішінде қаржылық құралдар рыногындағы бағалардың бірден өзгеруімен байланысты шұғыл рәсімдерді айқындау. Жинақтаушы зейнетақы қоры олардың рыноқтық құнының динамикасын ескере отырып, қаржы құралдарымен жасалған операциялардан түскен кірістердің/шығыстардың өзгерістеріне талдау жүргізеді.
14.	<i>алынып тасталды</i>	
15.	Директорлар кеңесі тәуекелдерді бағалау саясатын, оның ішінде болжалданатын тәуекелдер бойынша қаржы құралдарын бағалаудың халықаралық практикасын әдістемелерді пайдалана отырып бекітті (VAR-әдісі).	Тәуекелдерді басқару бөлімшесі сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне сезімтал активтер мен міндеттемелер жөніндегі дюрация көрсеткіштерінің мониторингін тұрақты түрде жүргізеді.
16.	Директорлар кеңесі валюта тәуекелдерінің сандық қатынаста меншікті капитал мен жинақтаушы зейнетақы қоры кірістерінің мөлшерінен асып түсетін жағдайларда тәуекелдің төмендеуі жөніндегі саясатты бекітті.	Тәуекелдерді басқару бөлімшесі жарты жылда кемінде бір рет стресс-тестинг жүргізеді және рыноктағы қолайсыз факторлар көбейген жағдайда шұғыл іс-әрекет жасау жоспарында олардың нәтижелерін пайдаланады. Жинақтаушы зейнетақы қоры активтерді және міндеттемелерді басқару саясатына сәйкес туынды қаржы құралдарының көмегі арқылы валюта тәуекелін уақтылы хеджирлеу рәсімдерін п а й д а л а н а д ы . Директорлар кеңесі ашық валюта позициялары және валюталық нетто-позиция лимиттерін белгілейді.

Зейнетақы жарналарын тарту
және зейнетақы төлемдерін
жүзеге асыру жөніндегі
қызметті лицензиялау

Ережесінің 5-қосымшасы

Ескерту. 5-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 305 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының операциялық қызметін қамтамасыз етуге, ақпараттық жүйені және басқару ақпаратының жүйелерін функциялауға қойылатын талаптар

N	Талаптың атауы	Талаптың критерийлері
1.	Басқарма бағалы қағаздар рыногында қаржылық қызмет көрсетудің операциялық техникасы бойынша рәсімдерді және олардың бухгалтерлік есеп беруін, сондай-ақ ақша аударымдарының жүйелерін бекітті.	Ішкі рәсімдер реттейді: жинақтаушы зейнетақы қорының операциялық қызметін басқаруды қамтамасыз ететін бөлімше; бағалы қағаздар рыногында операцияларды жүргізудің техникалық тәртібі; жинақтаушы зейнетақы қорының жүргізетін операциялардың бухгалтерлік есебі; жинақтаушы зейнетақы қорының операцияларына және олардың есепке алынуына қосарлы бақылау; жинақтаушы зейнетақы қорының құжат айналымына бақылау;

		<p>жинақтаушы зейнетақы қор міндеттемелерінің орындалуын бақылау, оның ішінде аударымдар және жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу тәртібін сақтау;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкке, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға берілетін ақпаратын бақылау және куәландыру, оның ішінде ұсынылған ақпараттың сәйкессіздігін анықтаған жағдайда іс-әрекетті куәландыру және реттеу рәсімдері;</p> <p>ақпаратты беру кезінде тұлғалар жауапкершіліктерінің рәсімдері;</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамаларына қойылатын талаптарға жинақталған зейнетақы қаражаты есептеулерінің алгоритмдеріне сәйкестігін тексеру рәсімдері, оның ішінде шартты бірлік құнының есеп айырысулары, шартты бірліктің саны, зейнетақы жарналарын есептеу, жинақталған зейнетақы қаражатының аударымдары және төлемдері және дұрыс емес жарналарды қайтару зейнетақы активтері мен инвестициялық кірістен түсетін комиссиялық сыйақыны өндіріп алу.</p>
2.	Басқарма қаржы құралдарымен жасалған операцияларды есепке алудың дұрыс жүргізілмеуі және шынайы көрсетілмеу мүмкіндігін шектейтін рәсімдерді белгілейді.	Ішкі аудит қызметінің бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды есепке алу журналында сенімді және уақтылы көрсетілуі, бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды жүргізудің операциялық техникасын олардың сақтауын бағалау мақсатында жарты жылда кемінде бір рет бөлімшелерге тексеру жүргізеді.
2-1	Басқарма жинақтаушы зейнетақы қоры операцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдерді бекітеді.	Ішкі аудит қызметі жинақтаушы зейнетақы қоры операцияларын кірістермен операцияларды жүзеге асыру кезіндегі заңсыздықтарды анықтау және алдын алу және жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті капиталы мен кірістерінің мөлшеріне тең емес тәуекелді қабылдауы мақсатында тексереді.
3	Жинақтаушы зейнетақы қорында деректерді электрондық өңдеу жүйелерін әзірлеуге және функциялауға, жоспарлау жөніндегі басқару мен ішкі ережелері бар.	Жинақтаушы зейнетақы қорының деректерді электрондық өңдеу жүйелерін әзірлеуге және функциялауға, жоспарлауға қатысты ережелері мен басшылықтары бар.
4.	Жинақтаушы зейнетақы қорының басқармасы электрондық өңдеу жүйесінің ішкі аудитінің рәсімдерін бекітті.	<p>Деректерді электрондық өңдеу жүйесін бақылауды жүзеге асыратын және деректерді өңдеу мәселелеріне жауап беретін жинақтаушы зейнетақы қоры тұлғалар жұмыс профиліне сәйкес біліктілігі және тәжірибесі болады.</p> <p>Тексерулерді ішкі аудит қызметі директорлар кеңесі бекіткен тексеру жоспарларына сәйкес жүргізеді.</p> <p>Ішкі аудит қызметі жүргізілген тексерулер нәтижелері туралы басқарма мен директорлар кеңесіне тұрақты хабарлайды.</p>
5.	Басқарма компьютерлік және телекоммуникациялық жүйеге рұқсатсыз қол жеткізудің алдын-алу бойынша саясатты бекітті.	<p>Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінің автоматтандырылған жүйеге кіру және шығу кезінде рұқсаттың деңгейін тексеретін ж ү й е с і б а р .</p> <p>Басқарма маңызды кілттерді, оның ішінде деректердің ақпараттық базасына электрондық кілттерді бақылау жөніндегі ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінің жауапкершілігін белгіледі және рәсімдерін бекітеді.</p>
6.	Басқарма жоспарлы іс-шараларды орындау, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде деректер	<p>Р ә с і м д е р :</p> <p>өрт қауіпсіздігі мен сейсмологиялық орнықтылықтың талаптарына жауап беретін деректердің ақпарат базасының</p>

	базасының ақпараттық жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету рәсімдерін бекітті.	техникалық кешендеріне арналған оқшау үй-жайлардың; автономды электр қуатының; резервтегі компьютерлер мен желілік коммуникациялардың міндетті түрде болуын қарастырады. Жинақтаушы зейнетақы қоры үнемі деректердің жүйелік-маңызды бағдарламалық файлдарды мен файлдардың резервтік көшірмелерін қалыптастырады.
7.	Басқарма төтенше жағдайлар болған жағдайда жауапкершілікті және өкілеттілікті табыстау рәсімдерін бекітті.	Төтенше жағдайлар рәсімдері компьютерлік орталық жұмысындағы төтенше іркілістер болған жағдайдағы ережелер мен нұсқаулықтарды қарастырады.
8.	Басқарма деректердің және құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету үшін ішкі бақылау саясатын бекітті.	Деректердің және құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету үшін ішкі бақылау саясаты мыналарды көздейді: құпия санатына жатқызылатын ақпарат тізбесі; құпия ақпараты бар құжаттарды тіркеу тәртібі, рәсімдеу, тіркеу, есепке алу және сақтау; құпия ақпаратқа жіберілетін тұлғалардың лауазымдарын көрсете отырып, құпия ақпаратқа рұқсат беру тәртібі.
9.	Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі проблемалардың қайтадан пайда болуын болдырмау мақсатында қауіпсіздік шараларын әзірлеу жөнінде кезек күттірмейтін шаралардың қолданылатынын ескере отырып, нақты жүйелік проблемаларға есеп жүргізеді.	Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі техникалық проблемалар есебінің парақтарын толтырады және олар бойынша есеп жүргізеді. Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі проблемалардың туу себептерін бақылайды, олар туралы ақпарат жүйесін дайындаушыларға хабарлайды және олардың қайталануын болдырмау үшін түзету шараларын қабылдайды. Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі осындай проблемалардың сипатын үнемі талдайды.
10.	Басқарма құпия ақпараттың жария болуын және ақпарат деректерінің бұрмалануын болдырмау жөніндегі рәсімдерді бекітті.	Р ә с і м д е р : рұқсаты шектеулі ақпарат деректерінің тізбесін; рұқсат алу тәртібі; ақпарат деректеріне рұқсатты бақылау тәртібі; ақпарат деректеріне рұқсаты бар тұлғалар тізбесі.
11.	Басқарма құралдарды үнемі инспекциялау және жұмыс туралы есептерді тексеру арқылы іркілістердің алдын-алу жөніндегі рәсімдерді бекітті.	Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі деректердің автоматтандырылған базасын функциялауын қамтамасыз ететін техникалық кешендерге кемінде тоқсанына бір рет тексеру жүргізеді. Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі тоқсанына кемінде бір рет техникалық кешендердің жай-күйі туралы ақпаратты басқармаға ұсынады.
12.	Басқарма деректердің автоматтандырылған базасын басқару терминалдарын рұқсатсыз пайдалануды болдырмау жөнінде рәсімдерді бекітті.	Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі деректердің автоматтандырылған базасын басқару терминалдарын пайдаланудың мониторингін жүргізеді және сәйкестендіреді, оның ішінде олар жүргізген операциялардың түрі мен көлемінің пайдаланушының функционалдық міндеттеріне сәйкестігін бақылайды.

Жинақтаушы зейнетақы қорын пайдаланушының жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жүйесі бар.

Зейнетақы жарналарын тарту
және зейнетақы төлемдерін
жүзеге асыру жөніндегі
қызметті лицензиялау

Ережесінің 6-қосымшасы

Ескерту. 6-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 305 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Жинақтаушы зейнетақы қорларының орындауға
міндетті базалық талаптар критерийі**

Тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалау	
1.	Директорлар кеңесі инвестициялық декларацияны бекітті.
1-1	Директорлар кеңесі жинақтаушы зейнетақы қоры қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекітеді, оның і ш і н д е : жинақтаушы зейнетақы қорындағы мүдделер қайшылығын реттеу жөніндегі тәртіпті; қызметі тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдерді орындауды көздейтін қызметкерлерге қойылатын б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы н ; тәуекелдерді басқару жөніндегі тәртіпті; і ш к і а у д и т б о й ы н ш а т ә р т і п т і ; і ш к і б а қ ы л а у б о й ы н ш а т ә р т і п т і ; е с е п б е р у с а я с а т ы н ; ақпараттық қауіпсіздік тәртібін.
2.	Ішкі аудит құжаттарымен ішкі аудит қызметінің әр тексеру нәтижелерін директорлар кеңесіне және жинақтаушы зейнетақы қорының басқармасына ұсынуының тиімді мерзімдері көзделеді.
2-1	Бөлімшелер үшін орындалуы міндетті болып табылатын ішкі аудит қызметінің өкілеттігі өткен тексеру бойынша ұсыныстарды дайындауды көздейді, бұл ретте оларды жүзеге асыру тәсілі мен шарттарын бөлімшелер тікелей анықтайды.
2-2	Ішкі аудит қызметі жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшелері ішкі аудит нәтижесі бойынша жүргізетін және жоспарлайтын іс-шараларын тиімді орындау мақсатында мониторингті жүзеге асырады.
2-3	Ішкі аудит қызметі жинақтаушы зейнетақы қорының қаржы қызметінің жаңа түрлерін енгізгенде жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтауға байланысты қосымша маңызды тәуекелдердің пайда болу мүмкіндігіне баға береді.
2-4	Басқарма әр тексеру нәтижесі бойынша ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебін талдайды және директорлар кеңесіне анықтаған кемшіліктерді жою үшін тиісті шараларды қабылдау жөнінде ұсыныстар жасайды.
2-5	Ішкі құжаттармен әр ай сайын жинақтаушы зейнетақы қорының қызмет түрлері бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының кірістерін (шығыстарын), оның ішінде динамикасын және жинақтаушы зейнетақы қорымен комиссиялық сыйақының дұрыс есептелуі мен төленуін тексеруді қадағалайтын жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшесі белгіленеді.
2-6	

	Басқарма тәуелсіз халықаралық аудиторлық ұйымдардың аудиторлық есебі негізінде жинақтаушы зейнетақы қорының есеп және есеп беру жүйесін жақсартады.
2-7	Ішкі аудит қызметі ішкі ережелердің және жинақтаушы зейнетақы қоры рәсімдерінің сақталуына, ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсыныстарына, ықпал ету шараларын және уәкілетті органның басқа талаптарын орындауына бақылауды жүзеге асырады.
2-8	Директорлар кеңесі қажеттігіне қарай жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайын қадағалауға мүмкіндік беретін қажетті ақпаратты алады, жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы қаржылық жылға жоспарланған мақсаттарға жетуіне талдау жасайды және бағалайды.
2-9	Директорлар кеңесі сыртқы аудиторлардың ішкі бақылауды жақсарту және тәуекелдерді басқару жөніндегі аудиторлық есептерін талдайды.
2-10	Директорлар кеңесі жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдық жылға жоспарланған мақсаттарға жету мәні бойынша басқарма қызметін талдайды.
2-11	Директорлар кеңесі уәкілетті органның ықпал ету шаралары мен басқа талаптарын орындамау, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіндегі кемшіліктерді жою жөніндегі шаралар жоспарын орындалмау себебін анықтауға байланысты бақылау жүргізеді.
2-12	Директорлар кеңесі жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерінің қызметтік міндеттерінде болуы мүмкін мүдде дауына талдау жасайды.
2-13	Директорлар кеңесі өзінің өкілеттігі шегінде көрсеткіштеріне жинақтаушы зейнетақы қорының қызмет нәтижесі ағымдық жылдық мақсаттарға сәйкес келмеген жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қорының басқарма мүшелеріне шаралар қолдануы мүмкін.
2-14	Басқарма жылдық бюджетті және стратегиялық жоспарларды құруды ағымдық және болашақтағы бәсекелестік, экономикалық ортаны және нормативтік құқықтық базаны, жинақтаушы зейнетақы қорының қосымша қажетті капитал мөлшерін ескеріп жасайды.
2-15	Басқарма директорлар кеңесі мен жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлеріне жинақтаушы зейнетақы қоры қызметі туралы қаржылық және басқарушылық есепті ұсынады.
3.	<p>Директорлар кеңесі ай сайын талдау үшін мынадай есептерді алады:</p> <p>жиынтық баланс және өткен жылдағы кезеңмен салыстырғандағы жинақтаушы зейнетақы қорының кірістері мен шығыстары туралы есеп;</p> <p>инвестициялар туралы: қаржы құралдарын түрлеріне қарай топтастыра отырып және олардың баланстық құнын, рыноктық құнын, кірістілігін және сатып алу мен сатудың жалпы сомасын көрсете отырып жасалған есептер.</p> <p>Директорлар кеңесі тоқсан сайын талдау жасау үшін мынадай есептерді алады:</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының активтері мен міндетемелерінің көлемін салыстыру туралы есеп (г э п - а н а л и з) ;</p> <p>процент тәуекелі бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының позициясына қысқаша талдау;</p> <p>валюталардың айырбас бағамының ауытқу тәуекеліне жинақтаушы зейнетақы қорының ұшырауына қысқаша талдау ;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті капиталға ағымдағы және болжалданатын мұқтажығына қысқаша талдау.</p>
4.	<i>алынып тасталды</i>
5.	<i>алынып тасталды</i>
6.	<i>алынып тасталды</i>
7.	<i>алынып тасталды</i>
8.	<i>алынып тасталды</i>
9.	Жинақтаушы зейнетақы қорының ұйымдастыру-функционалдық құрылымы мәселелері жөніндегі ішкі к ұ ж а т т а р , о н ы ң і ш і н д е :

	<p>жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшелерінің немесе тәуекелділікті басқару жөніндегі, негізгі тәуекелдерді тәуелсіз бағалау мен талдауға жауап беретін, жинақтаушы зейнетақы қорлары өткізетін операциялармен байланысты тұлғаның өкілеттіктері мен міндеттерін; олардың функционалдық міндеттеріне сәйкес келетін жинақтаушы зейнетақы қорлары органдарының қ ұ р ы л ы м ы н ;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорлары қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері мен өкілеттіктерін; жинақтаушы зейнетақы қоры құрылымдық бөлімшелері басшыларының қызметін бағалау тәртібі, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің мақсатты көрсеткіштерін жинақтаушы зейнетақы қоры орындамағаны үшін жауапкершілікке тарту немесе шара қолдануды реттейді.</p>
10.	Тәуекелдерді басқару саясаты жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерінің өкілеттілігі мен функционалдық міндеттерін реттейтін, оның ішінде қаржы құралдарын сатып алу/сату бойынша операцияларды жүргізудің дұрыстығына қосарлы бақылауды және олармен байланысты бақылауды қамтамасыз етуді көздейтін ережені қарастырады.
11.	Ішкі аудит қызметі жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін басқару жөніндегі өкілеттіктер мен функцияларды шоғырландыру, сондай-ақ корпоративті стратегия бекіткен өткізілетін операциялардың жинақтаушы зейнетақы қорының саясаты мен рәсімдеріне сәйкестігін айқындау бойынша басшы қызметкерлерге тексеру жүргізеді.
12.	Тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқару жөніндегі саясат директорлар кеңесінің мүшелерін, басқарманы және жинақтаушы зейнетақы қорының жауапты қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді және функционалдық міндеттерін айқындайды.
13.	Жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесіне және басқармаға ұсынылатын басқару ақпаратының тізбесі директорлар кеңесі мен жинақтаушы зейнетақы қоры басқармасының тәуекелдерді басқару жөніндегі өз функционалдық міндеттерін тиісінше орындауы үшін жеткілікті болуы керек.
14.	<i>алынып тасталды</i>
15.	Тәуекелдерді басқару жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшесінің және ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің функционалдық міндеттері олар жүргізетін операцияларға сәйкес келеді.
16.	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерімен жұмыс жасау кезіндегі саясаты мыналарды көздейді :</p> <p>зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарының Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкестігін тексеру рәсімдері;</p> <p>салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына қаражаттың уақтылы түсуі мен есепке алудың сенімділігін қамтамасыз ететін рәсімдер, жинақталған зейнетақы қаражатының төлемдері мен аударымдары ;</p> <p>зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша салымшылардың (алушылардың) шағымдарын белгіленген мерзімде қарауға кепілдік беретін, жинақталған зейнетақы қаражатының оларды аудару немесе төлем жасау барысында жоғалған жинақталған зейнетақы қаражатының уақтылы қалпына келтіруге кепілдік беретін рәсімдер;</p> <p>зейнетақы активтері мен зейнетақы активтерін уақтылы инвестициялауын есепке алу сәйкестігін қамтамасыз ететін рәсімдер мониторингін Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына; қорға комиссиялық сыйақының есептеуінің дұрыстығын тексеру;</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен инвестициялық кірістен өндіріп алынатын комиссиялық сыйақысының мөлшері, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларға (алушыларға) осы ақпаратты ұсыну тәртібі.</p>
17.	Ішкі аудит жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қорының саясаты: жинақтаушы зейнетақы қоры ұшырауы мүмкін барлық тәуекелдерді; ішкі аудит жүргізудің ауқымы мен жиілігін; ішкі аудитті жүргізу кезінде пайдаланылатын рейтингтік жүйені; жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі аудитті жүргізу жоспарын жасауға қойылатын талаптарды айқындайды.

18.	Ішкі аудит қызметі аудит саясатына сәйкес функциялары қаржы құралдарымен жасалатын операцияларды жүргізуді көздейтін жинақтаушы зейнетақы қорының барлық бөлімшелеріне тұрақты ішкі тексеру жүргізеді.
19.	Ішкі аудит қызметі аудит саясатына сәйкес зейнетақы активтерінің есебінен жүргізілетін операцияларға , зейнетақы активтерінің қатысуымен жасалатын мәмілелердің дұрыстығына және кастоидан банктермен және жинақтаушы зейнетақы қорларымен есепке алу және құжат айналымының дұрыстығын салыстыруды жүзеге асырып, үнемі ішкі тексеру жүргізеді.
20.	Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері жинақтаушы зейнетақы қорының біліктілік талаптарына сәйкес келеді, сондай-ақ тексеру жүргізілетін жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшелерінің қызметі туралы жұмыс тәжірибесі мен қажетті білімдері бар.
21.	Жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі саясаты тексерілетін бөлімшенің қызметіне байланысты барлық қажетті құжаттарға, оның ішінде коммерциялық, өзге де немесе құпиялық режимі бар құжаттарға қол жеткізуге ішкі аудит қызметінің құқығын қарастырады.
22.	Ішкі аудит жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қорының саясаты басшы қызметкерлердің немесе жинақтаушы зейнетақы қорының басқа бөлімшелерінің функционалдық міндеттерін орындаудағы тәуелсіздігі және ішкі аудит қызметінің директорлар кеңесіне есеп беруі белгіленеді.
23.	Ішкі аудит қызметі жинақтаушы зейнетақы қорының сыртқы аудитормен бірлесіп жылына кемінде бір рет жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі бақылау жүйесінен ішкі және сыртқы аудиторлар анықтаған кемшіліктерді талқылау үшін бірлескен кездесулер өткізеді.
24.	<i>алынып тасталды</i>
25.	<i>алынып тасталды</i>
26.	Ішкі аудит қызметі оларды оңтайлы орындау мақсатында, ішкі аудит нәтижелері бойынша қабылданған , жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшелері жүргізетін және жоспарлайтын іс-шаралар мониторингін жүзеге асырады.
27.	Ішкі саясатпен жинақтаушы зейнетақы қорының кірісін (шығысын), оның ішінде қызмет көрсетулердің динамикасында, сол бөлігінде, түрлерінде, жинақтаушы зейнетақы қорының аумақтық және функционалдық бөлімшелері бойынша ай сайын бақылап отыратын жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшесі белгіленеді.
28.	Ішкі саясатпен директорлар кеңесімен белгіленген жиынтық лимиттер шегінде, бөлімшелердің қызметіне байланысты кірістерді (шығыстарды) басқару жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшелерінің өкілеттіктері қарастырылады.
29.	Басқарма заңнамамен сәйкес ең аз талап етілетін деңгейде жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті капиталының сәйкестігін қамтамасыз етеді.
30.	Басқарма директорлар кеңесімен белгіленген жиынтық лимиттер шегінде қаржы құралдарымен жасалатын операцияларды жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорының әрбір бөлімшелерінің тәуекел лимиті айқындалады.
31.	Ішкі аудит қызметі жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша жинақтаушы зейнетақы қоры қызметкерлерінің зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын, халықаралық стандарттарды, жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін игеру деңгейін айқындайды.
32.	Ішкі аудит қызметі қаржылық қызмет көрсетудің жаңа түрлерін ендірген кезде, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтаумен байланысты, жинақтаушы зейнетақы қорының қосымша елеулі тәуекелдерін пайда болу мүмкіндігін бағалайды.
33.	

	Директорлар кеңесі және жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлері басқармасының жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық көрсеткіштерін бағалау мүмкіндігін қамсыздандыратын қаржылық және басқармалық есеп берулерін ұсыну мерзімдері мен нысандарын бекітті.
34.	Директорлар кеңесі тұрақты негізде инвестициялық шешімді және оларға ұсынымдарды талдайды.
35.	Директорлар кеңесі ішкі бақылауды және тәуекелдерді басқаруды жақсарту жөніндегі сыртқы аудиторлардың қорытындысын талдайды.
36.	Есеп және есеп беру жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қорының саясаты, сонымен бірге жинақтаушы зейнетақы қорының аудитін тексеру барысында мынадай мәселелерді қарастырады: күн сайынғы баланстарды өңдеудің дұрыстығы; жинақтаушы зейнетақы қорының есеп саясатының қаржы есебінің халықаралық стандарттарына сәйкестігі; қаржы есептерімен бухгалтерлік негізсіз айла-әрекет жасау фактілерінің болуы; меншікті және зейнетақы активтерін есепке алудың дұрыстығын; жинақтаушы зейнетақы қорының есеп беру саясатында белгіленген талаптарға есепке алу әдістері мен есеп беруді құрастырудың сәйкес келуі; жылдық есептегі тәуекелдер құрылымы мен мөлшерінің жинақтаушы зейнетақы қорының толыққанды және дұрыс ашып көрсетуі.
37.	Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше: тәуекелдерді талдау мен бағалауға қажетті ақпараттарды жинау процесін ұйымдастырады; әдістемені әзірлейді және жетілдіреді, тәуекелдерді талдау мен бағалау процесін ұйымдастырады; тәуекелдер деңгейін төмендету жөніндегі шараларды жоспарлайды; тәуекелдерді басқару әдістемелерін, оның ішінде зейнет активтері есебінен алынған қаржы құралдарын хеджирлеу принциптерін әзірлейді; тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралардың орындалуын бақылайды.
37-1	Жинақтаушы зейнетақы қорының тәуекелдерін басқару жөніндегі бөлімшелердің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарында тәуекелдерді басқару жөніндегі функционалдық міндеттерді жүзеге асыру үшін біліктілігі мен жұмыс тәжірибесіне сәйкес келетін өтілдің болуын қарастырады.
37-2	Тәуекелдерді басқару жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшесі сыртқы және ішкі қаржы активтері рыногының теріс дамуы жағдайында кірістілігі мен өтімділігі, зейнет активтеріне әсер ететін бағалау әдістемесін қолданады.
37-3	Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше: жинақтаушы зейнетақы қорының баланстық есептерін, сондай-ақ кірістер мен шығыстарды; өтімділіктің төмендеуін, қаржы құралдары бағасының өзгеруін талдайды.
37-4	Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше мынадай факторлардың: ел тәуекелінің; валюта тәуекелінің; қаржы құралдарын мерзімінен бұрын өтеу тәуекелдерінің; эмитенттің рейтингін өзгерту тәуекелдерінің зейнет активтеріне, тиімділігі мен өтімділігіне ықпал етуін болжайды.
37-5	Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше стресс-тестілеуді өткізуді ұйымдастырады және оның нәтижелерін рынокта теріс факторлар өсе бастаған жағдайда жедел іс-қимылдар жасауға пайдаланады.
38.	<i>алынып тасталды</i>
Қаржы құралдарымен жасалатын операцияларды жүргізу	
39.	Қосарланған бақылау жүйесі: фронт- және бэк-офистерді бөлуді; бэк-офистің фронт-офистің операцияларының жай-күйін уақтылы тексеру мүмкіндігін;

	косарланған бақылау жүйесі қатысушылар арасындағы ықтимал келісімдерді шектеу шараларын; фронт пен бэк-офистерде және бөлімшелердегі қызметтік міндеттерді бір ғана тұлғаның қатар орындауына тыйым салуды қарастырады.
40.	<i>алынып тасталды</i>
41.	Жинақтаушы зейнетақы қорының тәуекелдері басқаруға қажетті ақпаратты жинау бойынша жүйесі бар.
42.	Ішкі аудит қызметі және сыртқы аудиторлар тәуекелдерді басқару бөлімшесінде, бухгалтерлік есеп және есеп беруді жүргізуге жауап беретін жинақтаушы зейнетақы қор бөлімшесі ұсынған мәліметтердің нақтылығын тексереді.
43.	Тәуекелдерді басқару бөлімшесі қаржы құралдары бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының айқындаған әділ құнның дұрыстығына мониторинг жүргізеді.
44.	Директорлар кеңесі кезең-кезеңімен жиынтық лимитті анықтайды.
45.	Мәмілелерді жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшесі жұмыс күні ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының басқармасына қаржы құралдары бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының позициясын ұсынады.
46.	Директорлар кеңесі қаржы құралдары бойынша лимиттерді және "stop-loss" лимиттерін белгілеу ережесін айқындау рәсімдерін белгілейді.
47.	Басқарма шетел валюталарының әрбір түрі мен барлық валюталар бойынша спот, форвард, своп операцияларының халықаралық практикасында қабылданған позициялар бойынша лимиттерді белгілейді.
48.	Тәуекелдерді басқару бөлімшесі спот және форвард операцияларын өтеу мерзімдерін басқару үшін активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің күн сайынғы кестесін пайдаланады.
49.	<i>алынып тасталды</i>
50.	Басқарма жинақтаушы зейнетақы қоры инвестициялық операцияларының күнделікті мониторингі рәсімдерін бекітеді.
51.	Инвестициялар портфелі бойынша кірістер/шығыстар туралы есеппен бірге мониторинг нәтижелері басқарма мен жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесіне ай сайын ұсынылады.
52.	Тәуекелдерді басқару бөлімшесі қаржы құралдарының, эмитенттің түрі, айналыс мерзімдері, валюта түрлері мен инвестициялау мақсаттары бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің мониторингін жүзеге асырады.
53.	Қ ұ р ы л ы м д а у р ә с і м д е р і : айына кемінде бір рет рыноктық құны бойынша инвестициялар портфеліне қайта бағалау жүргізуді; жарты жылда кемінде бір рет әрбір есепті кезең үшін қаражаттарды, кірістерді/шығыстарды тарту құнын ескере отырып, инвестициялардың қаржы нәтижелеріне бағалау жүргізуді қарастырады.
54.	Басқарма қаржы құралдарымен жасалатын операциялар бойынша шамадан тыс шығыстарды болдырмау жөніндегі, оның ішінде қаржы құралдары рыногындағы бағалардың бірден өзгеруімен байланысты шұғыл рәсімдерді айқындау.
55.	Жинақтаушы зейнетақы қоры олардың рыноктық құнының динамикасын ескере отырып, қаржы құралдарымен жасалған операциялардан түскен кірістердің/шығыстардың өзгерістеріне талдау жүргізеді.
56.	Жинақтаушы зейнетақы қоры болжалданатын жинақтаушы зейнетақы қорының баланстан тыс операцияларын өтеу көлемін ескере отырып, өтімділік бақылауын жүзеге асырады.
57.	<i>алынып тасталды</i>
58.	Тәуекелдерді басқару бөлімшесі сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне сезімтал активтер мен міндеттемелер жөніндегі дюрация көрсеткіштерінің мониторингін тұрақты түрде жүргізеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының операциялық қызметін, ақпараттық жүйені және басқару ақпаратының жүйесін функциялауды қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

59.	<p style="text-align: center;">І ш к і р ә с і м д е р р е т т е й д і :</p> <p>жинақтаушы зейнетақы қорының операциялық қызметін басқаруды қамтамасыз ететін бөлімшені; бағалы қағаздар рыногында операцияларды жүргізудің техникалық тәртібін; жинақтаушы зейнетақы қор жүргізетін операциялардың бухгалтерлік есебін; жинақтаушы зейнетақы қорының операцияларына және олардың есебіне қосарлы бақылауды; жинақтаушы зейнетақы қорының құжат айналымына бақылауды; жинақтаушы зейнетақы қор міндеттемелерінің орындалуын бақылау, оның ішінде аударым тәртібін сақтау және жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу; жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкке беретін зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым, оның ішінде ұсынылған ақпараттың сәйкессіздігін анықтаған жағдайда іс-әрекетті куәландыру және реттеу рәсімдерін; ақпаратты беру кезінде тұлғалар жауапкершіліктерінің рәсімдерін; жинақталған зейнетақы қаражаты есептеулері алгоритмдерінің Қазақстан Республикасының заңнамаларына қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру рәсімдері, оның ішінде шартты бірлік құнының есеп айырысулары, шартты бірліктің саны, зейнетақы жарналарын есептеу, жинақталған зейнетақы қаражатының аударымдары және төлемдері және дұрыс емес жарналарды қайтару, зейнетақы активтері мен инвестициялық кірістен түсетін комиссиялық сыйақыны өндіріп алуын реттейді.</p>
60.	<p>Ішкі аудит қызметі жарты жылда кемінде бір рет бөлімшелерге олардың бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды жүргізудің операциялық техникасын сақтауын, есепке алу журналында бағалы қағаздармен жасалатын операциялардың сенімді және уақтылы көрсетілуін бағалау мақсатында тексеру жүргізеді.</p>
60-1	<p>Ішкі аудит қызметі жеке капитал мен жинақтаушы зейнетақы қорының кірістері мөлшеріне сай келмейтін кірістер және тәуекелдерді қабылдау операцияларын жүзеге асыру кезінде асыра пайдалану оқиғаларын анықтау және алдын алу мақсатында операцияларды тексереді.</p>
61.	<p>Жинақтаушы зейнетақы қорының деректерді электрондық өңдеу жүйесін жоспарлауға, әзірлеуге және функциялауға қатысты ережелері мен басшылықтары бар.</p>
62.	<p>Электрондық өңдеу жүйесін бақылауды жүзеге асыратын және деректерді өңдеу мәселелеріне жауап беретін банк тұлғалар жұмыс саласына сәйкес біліктілігі және тәжірибесі болады.</p>
63.	<p>Ішкі аудит қызметі директорлар кеңесі бекіткен тексерулер жоспарына сәйкес тексеру жүргізеді.</p>
64.	<p>Ішкі аудит қызметі жүргізілген тексерулер бойынша тұрақты түрде басқарма мен директорлар кеңесіне хабарлайды.</p>
65.	<p><i>алынып тасталды</i></p>
66.	<p>Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінің автоматтандырылған жүйеден шыққан және кірген кезде рұқсат беру деңгейін тексеру жүйесі бар.</p>
67.	<p>Басқарма маңызды кілттерді, оның ішінде деректердің ақпарат базасына электрондық кілттерді бақылау жөніндегі ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі рәсімдерін бекітеді және жауапкершілігін белгілейді.</p>
68.	<p style="text-align: center;">Р ә с і м д е р :</p> <p>өрт қауіпсіздігінің, сейсмологиялық орнықтылықтың талаптарына жауап беретін деректердің ақпарат базасының техникалық кешендеріне арналған оқшау үй-жайлардың; автономды электр қуатының; резервтегі компьютерлер мен желілік коммуникациялардың міндетті түрде болуын қарастырады.</p>
69.	<p>Жинақтаушы зейнетақы қоры деректердің жүйелік-маңызды бағдарламалық файлдарды мен файлдардың резервтік көшірмелерін үнемі қалыптастырады.</p>
70.	

	Төтенше жағдайлар рәсімдері компьютерлік орталықтар үшін жүйе жұмысында төтенше іркілістер болған жағдайдағы ережелер мен басшылықтарды қарастырады.
71.	Деректердің және құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ішкі бақылау саясаты м ы н а л а р д ы к ө з д е й д і : құпия санатына жатқызылатын ақпарат тізбесін; құпия ақпараты бар құжаттарды тіркеу тәртібі, рәсімдеу, тіркеу, есепке алу және сақтауды; құпия ақпаратқа жіберілетін тұлғалардың лауазымдарын көрсете отырып, құпия ақпаратқа рұқсат беру тәртібін.
72.	Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі техникалық проблемалардың есепке алу парақтарын толтырады және олар бойынша есеп беру жүргізіледі.
73.	Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі проблемалардың туу себептерін бақылайды, олар туралы ақпарат жүйесін дайындаушыларға хабарлайды және олардың қайталануын болдырмау үшін түзету шараларын қабылдайды.
74.	Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі осындай проблемалардың сипатын үнемі талдайды.
75.	Р ә с і м д е р : рұқсаты шектеулі ақпарат деректерінің тізбесін; р ұ қ с а т а л у т ә р т і б і н ; ақпарат деректеріне рұқсатты бақылау тәртібін; ақпарат деректеріне рұқсаты бар тұлғалардың тізбесін көздейді.
76.	Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі тоқсанына кемінде бір рет автоматтандырылған деректер базасының функциялануын қамтамасыз ететін техникалық кешендерге тексеру жүргізеді.
77.	Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі тоқсанына бір рет техникалық кешендердің жай-күйі туралы басқармаға ақпарат ұсынады.
78.	Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі деректердің автоматтандырылған базасын басқару терминалдарын пайдаланудың мониторингін жүргізеді және сәйкестендіреді, оның ішінде олар жүргізген операциялардың түрі мен көлемінің пайдаланушының функционалдық міндеттеріне сәйкестігін бақылайды.
79.	Банкте пайдаланушының жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жүйе бар.

Зейнетақы жарналарын тарту
және зейнетақы төлемдерін
жүзеге асыру жөніндегі
қызметті лицензиялау

Ережесінің 7-қосымшасы

Ескерту. 7-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 305 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорына орындауға міндетті қосымша талаптар критерийлері

Тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру	
1.	<i>алынып тасталды</i>
2.	

	Жинақтаушы зейнетақы қорының корпоративтік стратегиясында жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің қысқа мерзімді (бір жылға дейін) және ұзақ мерзімді (бір жылдан он жылға дейін) мақсаттары айқындалған.
3.	Жинақтаушы зейнетақы қорының ұзақ мерзімді стратегиясы бұрын жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне теріс әсер еткен факторларды жою мақсатында жасалған және тұрақты жетілдіріліп отырады.
4.	Директорлар кеңесі тәуекелдермен (кредит тәуекелі, процент тәуекелі, өтімділікті жоғалту тәуекелі, валюта тәуекелі) байланысты жинақтаушы зейнетақы қорының стратегиясына, саясатына және рәсімдеріне қайшы келетін операцияларды жасау мүмкіндігін болдырмау мақсатында мониторинг жүргізеді.
5.	Тәуекелді басқару функциясын жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшесі зейнетақы активтеріне ықпал ету әдістемесін, қаржы құралдарының теріс динамикасы жағдайында ішкі және сыртқы рыноктарының кірістілігі мен өтімділігін пайдаланады.
6.	Тәуекелдерді басқару функцияларын жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшесі әлуетті және ықтимал тәуекелді білдіретін ішкі және сыртқы экономикалық факторларды сәйкестендіреді және талдайды, олардың жинақтаушы зейнетақы қорының қаржы көрсеткіштеріне ықпалының дәрежесін бағалайды.
7.	Директорлар кеңесі бекіткен жиынтық лимиттер бөлігінде басқарма өткізілетін операция түрлері бойынша жеке алғанда тәуекелдердің рұқсат мөлшеріне лимитті айқындайды, жинақтаушы зейнетақы қорының аталған лимиттерді сақтауын бақылаудың тиімді шараларын қабылдайды.
8.	Басқарма олардың ай сайынғы есебі негізінде тәуекелдердің түрлері бойынша жиынтық лимиттерді сақтауын бақылайды.
9.	Басқарма жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшелерінің әлуетті және ықтимал тәуекелдерді басқарудағы саясатты сақтауын бақылайды, жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшелерінің олар үшін белгіленген лимиттер шегінде тәуекелдер мөлшерін сақтау мониторингін жүзеге асырады.
10.	Басқарма жинақтаушы зейнетақы қорының жүргізген операцияларының түрлері бойынша тәуекелдерді бөлу, яғни меншікті капитал мен төлем қабілеттігін сақтау мақсатында, оларға байланысты тәуекелді ескере отырып, қаржы құралдарымен жасалатын операциялардың құрылымын және көлемін қалыптастыру саясатын қолданады және оны жинақтаушы зейнетақы қоры жауапты бөлімшелерінің орындауын бақылайды.
11.	Жинақтаушы зейнетақы қорының әрараптану саясатын іске асыруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ уәкілетті орган белгілеген әрараптану нормаларын сақтау мониторингін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ұйымдық-функционалдық және операциялық құрылымы бар.
12.	Жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы қаржы жағдайы туралы ақпарат форматы және олар бойынша қабылдаған тәуекелдер басқару есебінің белгілі бір нысандары түрінде стандартталған, оның ішінде кредит, процент тәуекелдері, өтімділікті жоғалту тәуекелі, валюта тәуекелі, елдің (трансферт) тәуекелдерін сәйкестендіреді және өлшейді, сондай-ақ тәуекелдерге ұшырау дәрежесі, белгіленген лимиттер шегінде олардың сақталуы айқындалады.
13.	Бөлімше қабылданатын тәуекелді ескере отырып, жинақтаушы зейнетақы қорының күтілетін кірістерін бағалауды (есептеуді) жүргізеді.
Қаржы құралдарымен жасалатын операцияларды жүргізу	
14.	Мәмілелерін басқару жөніндегі ішкі саясаты былайша реттеледі: жинақтаушы зейнетақы қорының активтер (міндеттемелер) құрылымына байланысты проценттік тәуекелді анықтау; жинақтаушы зейнетақы қорының активтер (міндеттемелер) құрылымына байланысты валюталық тәуекелді анықтау; туынды қаржы құралдарымен операцияларға тиесілі тәуекелдерді анықтау; жинақтаушы зейнетақы қорының рыноктық тәуекеліне өлшем жасау кезіндегі пайдаланылатын

	<p>м о д е л д е р ;</p> <p>тәуекелдерді басқару бөлімшесінің директорлар кеңесіне және басқармаға рыноктық тәуекел бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының позициялары туралы есебін ұсыну кезеңділігі;</p> <p>қаржы рыногының жай-күйімен байланысты баға тәуекелін айқындау;</p> <p>тәуекелдердің басқа түрлерін айқындау.</p>
15.	Жинақтаушы зейнетақы қоры баға активтер мен міндеттемелер бойынша тәуекелдерді және кірістерді/шығыстарды бақылайды және олардың құнына күн сайынғы бағалау жүргізеді.
16.	Жинақтаушы зейнетақы қоры қаржы құралының рыноктық құнының болмаған жағдайда қаржылық есеп беру жағдайында қаржылық есеп берудің халықаралық стандартына сәйкес осы қаржы құралының құнсыздануына тест жүргізді.
17.	Жинақтаушы зейнетақы қоры әр операциялық күн ішінде қаржы құралдарымен жасалған операциялардан түскен кірістер/шығыстарға жүйелі бағалау жүргізеді.
18.	Жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі баға тәуекелін ескере отырып, қаржы құралының құнын айқындау рәсімдерін бекітті.
19.	Жинақтаушы зейнетақы қоры қаржы құралының құнын бағалауды тәуекелді бағалау моделінің және ағымдағы бағаларды рыноктық бағаға келтіру негізінде жүргізеді, сонымен бірге стресс-тестинг және бэк-тестинг өткізеді.
20.	Жинақтаушы зейнетақы қоры тәуекелді бағалау нәтижелерін және қаржы құралдарымен операцияларды жасауға шешім қабылдау барысында тұрақты стресс-тестингтерді пайдаланады.
21.	Басқарма қаржы құралдары үшін "stop-loss" лимиттерінің диапазонын пайдаланады.
22.	Ішкі аудит қызметі жинақтаушы зейнетақы қорының "stop-loss" лимитін айқындау ережелерін қолдануын тексереді.
23.	Тәуекелдерді басқару бөлімшесі қаржы құралдары бойынша лимиттердің бірдейлігіне қаржы құралдары рыногының ауқымы мен динамикасы мен қаржы құралдарының өтімділігіне сәйкес талдау жүргізеді.
24.	Тәуекелдерді басқару бөлімшесі кемінде жарты жылда бір рет стресс-тестинг өткізеді және оның нәтижесін рыноктағы қолайсыз факторлардың өсу барысында шұғыл іс-әрекет жоспарына пайдаланады.
25.	Жинақтаушы зейнетақы қоры активтерді және міндеттемелерді басқару саясатына сәйкес туынды қаржы құралдары көмегімен валюталық тәуекелді уақтылы хеджирлеу рәсімдерін пайдаланады.
26.	Директорлар кеңесі ашық валюталық позициялар бойынша лимиттерді және валюталық нетто-позиция лимиттерін анықтайды.